

**«№281 негізгі мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бағытында атқарылған іс – шаралар туралы мәлімет**

«№281 негізгі мектебі» КММ бойынша 2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

2023-2024 оқу жылы қыркүйек айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарланды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

№265 негізгі мектебінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясы өткізілді. Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» атты ұранымен өтті. Акцияның арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, ұйымдастыру шаралары жүргізілді.

Өркениетке бет бұрған қазіргі кезеңде дамитын ел дарынды ұландарынан көп үміт күтеді. «Мектепке жол» акциясы балалардың мерейін өсіріп, ертеңгі күнге берік сенімін қалыптастырады. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы халықты ақпараттандыру мақсатында жеке кәсіпкерлер мен қаламыздың белсенді азаматтарына үндеу хаттар жіберілді. Мектептің әкімшілігі және барлық сынып жетекшілері аз қамтылған отбасы балаларының мектепке дайындығын анықтады. Тамыз айының басынан бастап, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасындағы балаларды анықтау бойынша рейд өткізілді. Рейд барысында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар анықталды. 2023 жылдың 1 қыркүйегі күні жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды.

8 қыркүйек күні сағат 12:00 - де "Тоғыз ай 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Сергіту сәті" республикалық челленджі 1-9 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. Талап: физикалық белсенді болу.

Отбасы күніне арналған іс-шаралар. Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) сынып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әрекеттену мақсатында осындай тәрбиелік мәні бар іс-шара өткізеді. Челлендж барысында оқушылар қызығушылықпен белсенді қатысты.

7-9 сынып оқушыларына оқу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында Арал АПБ-нің ЮПт-ның аға учаскелік полиция инспекторы, қатысуымен құқықтық сағат өткізілді. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды. Құқықтық сауаттылықты арттыру құқықтық тәрбиемен келеді. Қыркүйектің 14 –і күні «Жасөспірім -Заң- Қауіпсіздік» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қатысқан оқушы саны 24 оқушы.

Мектепшілік "Ақбаян" қыздар клубының жетекшісі Г.Тұңғатарова қатысуымен 8-9 сынып аралығында қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мектептің ішкі тәртіп ережесі, зиянды заттардың алдын алу, жеке бас гигиенасы, қыз бала тәрбиесі, сабаққа, қоғамдық шараларға қатысуы, сонымен қатар түнгі уақытта кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің көшеде жүруі, кертартпа діни ағымдардың алдын-алу бағытында олармен күрес жұмыстары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесін атап өтудің мектепшілік іс-шаралар жоспарына сәйкес, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері А.Сембиева пен Қ.Есентаев ұйымдастыруымен «Тіл –халықтың байлығы, қазынасы» атты зияткерлік сайыс болып өтті. Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырылған сайысқа 7-8-сынып оқушылары қатысты. Сонымен қатар Тілдер мерекесі күніне орай 7-сыныптар арасында "Жас полиглот" сайысы өткізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау мақсатында “Жаман әдеттерден аулақ болайық!” тақырыбында 5-9 сынып аралығында ер балалар жиналысы өткізілді. Құқықтық сағат барысында тәрбие орынбасаы А.Сембиева оқушылардың ішкі тәртібі, мектеп формасы, беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, қоғамдық орындарда әдептілікті сақтау мәселелері туралы толық тоқталып, оқушылармен бірге талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, «қадағалауды қажет ететін балалар»,

қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының дінгегі десек те болады.

2023 жылдың 29-шы қыркүйегі күні білім алушыларды ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу мақсатында "Ұлттық тәлім-тәрбиенің ұрпақ тәрбиесіндегі ролі» атты мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, тегіне тартқан дейді. "Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала" деп ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру негізінде 6 сыныптар аралығында жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым - қатынасын нығайту, ұлттық салт -дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екенін ұғындыру мақсатында "Әкешім- бәйтерегім" тақырыбында бейнероликтер байқауы өткізілді.

25 қыркүйек күні БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ сайлауының өткізілуі туралы хабарланды. Үміткерлер сайлау алдында өз бағдарламаларымен таныстырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Сайлау нәтижесі бойынша, яғни өзін-өзі басқару ұйымы жұмысының жандануы үшін, мектеп оқушыларының белсенділігін арттыру жолында алға бастайтын нағыз көшбасшы 9 сынып оқушысы Сағадатова Асыл басым дауыспен жеңіске жетті. Жаңа Президентпен бірге өзін-өзі басқару ұйымының жаңа құрамы жасақталып, салтанатты ант беру рәсімі өткізілді.

Ұстаздар күні мерекесіне орай 2023 жылдың 5 қазан күні болатын "Дублёр күні" өткізілді. "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру аясында "Адал азамат-әділетті Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Мақсаты: Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік бере отырып ақиқат құндылығының мәнін ұғындыру.

2023 жылдың 2 қазанында мектеп педагог-психологі Ж.Қонысбаев 5 сынып оқушыларына орта буында оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында "Алақай, мен 5-сыныпта оқимын!" тақырыбында тренинг өткізді. 3 қазан "Аталар сөзі - тәрбие көзі" атты әдеби-сазды танымдық тәрбие сағаты өткізілді.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру аясында 8 сынып жетекшісі А.Альжанованың ұйымдастыруымен "Аталар сөзі - тәрбие көзі" атты әдеби-сазды танымдық тәрбие сағаты өтті. Шараның негізгі мақсаты отбасы тәрбиесінде ата-бабаларымыздың өсиет-өнегесін дәріптеу. Ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі рөлін көрсету.

4 қазан «Қарты бар үйдің-қазынасы бар», – деп, дана халқымыз айтқандай, үйінде қариясы бар жанұя – шынында да, қазыналы, берекелі жанұя. Өйткені, кез келген қазақ шаңырағындағы ата-ана өз баласын үлкендерді сыйлауға тәрбиелейтіні ақиқат.

"Төріңнен қарт кетпесін" деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет көрсету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата дәстүріміз. Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіне нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз. Сондықтан, ақсақалдарымыздың қадіріне жетіп, құрметтейік, бас иеік, өмір бойы борыштар екенімізді ұмытпайық!... Үлкендеріміз аман болсын.

№265 негізгі мектебінде ҚР ПБ-нің нұсқаулығына сәйкес, жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, болдырмау, әрбір құқыққа қайшы әрекеті үшін жауапкершілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында құқықтық сағат өткізілді.

5 қазан Ата-ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін нығайта отырып, салауатты өмір салтын насихаттауға баулу мақсатында "Наркобекет" ұйымының

жетекшісі А.Өсербай ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушылары аралығында "Біз біргеміз" атты отбасылық спорттық сайысы өткізілді. Отбасылық сайыс дені сау ұлттың қалыптасуына үлес қосып, екіншіден бағдарламаға қатысқан әр отбасыға рухани және мәдени мереке сыйлады. Сайыс қызықты да, тартысты өтті. Белсенділік танытып сайысқа қатысқан, барлық отбасыларға рахмет айтамыз! Жас ұрпақтарымыз дені сау, білімді болып, болашағымыз жарқын болсын!

5 қазан №281 негізгі мектебінде 1 қазан Халықаралық қарттар күні мен ұстаздар мерекесіне орай "Қалдырған ізің мәңгілік" атты мерекелік шара өткізілді. Зейнеткер ата-әжелері мен ұстаздарына, оқушылардың көрсеткен құрметі ерекше болды. 5 қазан күні мектебімізде ұстаздар күні мерекесіне орай «Дублёр күні» өтті.

Мақсаты:- мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тапсырылған іске адал және шығармашылық көзқарас сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік беру;

Пән мұғалімдері жұмысын: - өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшылары, 9 сынып оқушылары атқарды.

“Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” жоспарына сәйкес 9-сынып оқушыларының арасында “Әлемді зорлық-зомбылықсыз қалай жасауға болады?” тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

Мектеп аяжаны Н.Жанар 1-9 сынып оқушыларына «Денсаулық біздің басты байлығымыз» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Оқушының оқу жетістігі - мектептегі білім беру процесінің нәтижелігі» тақырыбындағы әдістемелік күннің жоспарына сәйкес, мектеп театры үйірмесінің мүшелері “Тоғысқан тағдырлар” қойылымын көрсетті. Мектеп театры үйірмесінің бұл туындысы - отбасы құндылықтарына бағытталған.

"Жас ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен «Қоқыссыз әлем» ұранымен мектеп ауласында сенбілік өткізіліп, 5-6 сынып оқушылары апайларымен тазалық жұмыстарына белсене араласып, ортақ үйіміздің көркеюіне өз үлестерін қосты.

«Оқушының оқу жетістігі - мектептегі білім беру процесінің нәтижелігі» тақырыбындағы әдістемелік күннің жоспарына сәйкес бастауыш сынып бірлестігінің "Бала - менің баға жетпес байлығым"

атты ата-аналармен жұмыс ұйымдастырды.

Іс-шараның мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы – отбасының қоғамдағы орнын анықтау. Ата – аналардың қарым – қатынасын жақсарту. Мектеп пен ата-ана байланысын, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Ата – анамен оқушы арасындағы қарым – қатынасты нығайту.

Мектебімізде балаларды жан-жақты дамыту мақсатында «Жас суретшілер» , «Жас қаламгер» болашақ тілшілер, «Мәнерлеп оқу» көркемсөз оқу, үйренушілер үйірмелері жұмыс жасап келеді. Үйірмелер оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

9- сынып арасында мектепішілік дебат клубының жетекшісі тарих пәні мұғалімі Г.Аңсатова ұйымдастыруымен «Табиғат. Адам. Қоғам» тақырыбында пікірталас өткізілді. “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” жоспарына сәйкес

“Тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 5-9 сынып оқушыларына мектеп педагог-психологі К.Жолмырзаева психологиялық сағат өткізді.

Темекінің, электронды темекінің, есірткінің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, зиянды әсерін ашу. Салауатты өмір салтын ұстанып, жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында 1-4 сынып оқушылары аралығында "Зиянды әдеттерден аулақ болайық!", 5-9 сынып оқушылары аралығында "Темекі шегудің алдын алу және электронды темекінің зияны" тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

"Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету қызметін ұйымдастыру" жоспарына сәйкес 18 қазан күні 1-4 сынып ата-аналарымен «Отбасы - бақыт бесігі» тақырыбында алғашқы сабақ болып өтті.

Үнемі бала жанынан табылып, кітапханамен тығыз байланыста жүретін 7 сынып жетекшісі Н.Ермахан «Мен жастарға сенемін!» тақырыбындағы тәлімі мол тәрбие сағатын өткізді. Жастардың бойына жігер беріп, рухтандырған қазақ даласының Мағжанын танытты. Мәдениет пен әдебиеттің, тарихтың парақтары ашылды. Өнер өлкесінде арманға қанат жайып жүрген оқушыларымыздың сыңғырлаған дауысынан ақынның өнегесін сездік. Шәкірттеріміз әннен шашу шашып, оқыған өлеңдерінен Мағжан атаның жолын еске алды. Мағжан атаның бала тәрбиесіндегі тұнып тұрған әсерлі ойларынан балаларымыз өздеріне мол азық алды.

"Мектеп парламенті" ұйымының ұйымдастыруымен Республика күні мерекесіне орай "Туған жерім - Қазақстаным!" атты оқушылар жиыны, "Ұланымыз - Ұлы елдің!" атты салтанатты жиын өткізілді. "Менің Қазақстаным - менің мақтанышым!" атты челленджіне мектеп көшбасшылары үн қосты. Оқушылардың бойында отансүйгіштік, отанға деген патриоттық сезімді арттыру, өнерлі оқушыларды анықтау мақсатында «Менің Отаным – Қазақстан!» атты мектепшілік патриоттық әндер байқауы өткізілді. Жиналыс барысында күзгі демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері талқыланып, демалыс уақытында өткізілетін іс-шара жоспарларымен таныстырылды.

"Өскелең ұрпақтың дара жолы" тақырыбындағы сынып жетекшілер бірлестігінің онкүндігі аясында оқушылар жиынында іс-шараның ашылуы өткізілді. Жиын барысында көшбасшы жастарымыз білім алушыларымызды елімізді құрметтеуге, білімге, ғылымға, жарқын болашаққа ұмтылуға шақырды! "Өскелең ұрпақтың дара жолы" онкүндігі аясында "Отбасы - бақыт бесігі" атты отбасылық сайысы, «Буллинг және оның алдын-алу» атты тәрбие сағаты, 6 сыныбының ұйымдастыруымен «Әке жолы - ізгі жол» атты сахналық қойылым, 9 сыныптарда "Ата - анаммен өткізген бір күнім", 8 сыныпта «Жеті атасын білген ер, жеті елдің қамын жер» атты өнеге сағаты өткізілді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сәйкес 2023 жылдың 3 қараша күні 1-4 сынып ата-аналарына «Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу» тақырыптарында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қалабаев мен мектеп психологы К.Жолмырзаева ұйымдастыруымен кезекті сабақ өткізілді. 5-9 сынып ата-аналарына “Баланың бас ұстазы - ата-ана”, “Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу” тақырыбында психологиялық сабақ өткізді.

8 сыныбында "Жол тәртібін білейік" сынып сағатында білім алушыларға жол ережесін бұзсаң, тек өзіңе қауіп төндірмей қоймай, басқа адамдарға да зияны тиетіні және жолдан сақ болып үнемі көше тәртібін естерінен шығармауы түсіндірілді. Дәріс барысында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі, қазақ тіліндегі істер санының артуы мәселесі қозғалды.

2023 жылы 09 қараша күні оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Ғаламтордың пайдасы мен зиян» атты тақырыпта дебат клубының жетекшісі: Д.Бекжанова ұйымдастыруымен дебат ойыны өткізілді.

"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында "Отбасындағы зорлық - зомбылыққа - жол жоқ!" тақырыбында 5 -9-сынып ата-аналарына жиналыс өткізілді.

Қарашаның 13 күні «Адал ұрпақ» клубы жетекшісі: Н.Есеновтың ұйымдастыруымен «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында оқушыларға үлгілі тәрбие беру мақсатымен флешмоб өткізілді. Флешмобқа қатысқан оқушылар қолдарына “Адал Ұрпақ жемқорлыққа қарсы” деген ұрандар ұстады.

“Ата-аналарды педагогикалық қолдау” орталығының жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 10 қараша күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қалабаев мен мектеп педагог-психологі К.Жолмырзаева 5-9 сынып ата-аналарына “Ақыл айтпа, жол көрсет”. “Оқытудың жаңа шарттары: бала қалай бейімделеді?” тақырыбында сабақ өткізді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында Ұлттық мектеп лигасы аясында мектебіміздің оқушылары "АСЫҚ АТУ ЖӘНЕ БЕС АСЫҚ" республикалық челленджіне үн қосты.

"Теңге-ұлттық құндылығымыз» атты ұлттық валюта теңге күні мерекесіне арналған жалпы білім беру ұйымдарының 1-9 сынып оқушылар арасында пікірсайыс өткізілді. Республикалық "Зорлық -зомбылықсыз 16 күн" іс-шаралар жоспарына және "Қатыгездіксіз және зорлық зомбылықсыз балалық шақ" атты мектепішілік іс-шара жоспарына сәйкес 8-9-сынып арасында "Мен зорлық -зомбылыққа қарсымын! тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Ананың қызына беретін үлгі - өнегелері туралы түсіндіру, қыз балаларды адамгершілікке, адалдыққа, ізгілікке, инабаттылыққа баулу мақсатында "Ару ғұмыр" қыздар клубының ұйымдастыруымен "Қызға қырық үйден тыйым салу» мәтелінің түсінігі қандай? тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қазақ халқының ұмыт болған ұлттық ойындарын қайта жаңғырту, отбасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу мақсатында "Ұлттық ойын - ұлт қазынасы" отбасылық спорттық сайыс өткізілді.

"Тәуелсіздік - ел бақыты" атты жас ұландықтар апталығы аясында оқушылардың бойына ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сынды асыл қасиеттерді дарыту мақсатында "Жас ұлан" ұйымы мен Мектеп Парламенті көшбасшыларының ұйымдастыруымен «Мейірімділік мекені» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Тәуелсіздік-бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз."Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын "атты 7 сыныбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш етіп қана қоймай, оқушылардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

. "Тәуелсіздік - ел бақыты!" жасұландықтар апталығы аясындағы "Көк тудың желбіргені" атты мәнерлеп оқу сайысы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу, Отанға, еліне жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру мақсатында 5 - 7 сынып оқушылары аралығында өткізілді.

. "Волонтер болу оңай" қысқы мейірімділік апталығы аясында "Мектеп парламенті», «Еріктілер тобы», «Тазалық» мекемесінде қызмет ететін қызметкерлерге ыстық шәй мен ыстық бәліш ұсынып, қол көмектерін көрсетті.

Аудандық «Жас ұлан» ұйымының жоспарына сәйкес 6 желтоқсан күні аудандық оқушылар Үйінде «Сый-жәрмеңке» қайырымдылық акциясы өтті. Акция әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы отбасыларды материалдық қолдау мақсатында қолданылған, бірақ таза күйіндегі киім-кешек, ойыншықтарға, ыдыс-аяқтарға екінші өмір сыйлау. Қайырымдылық акциясы барысында №265 негізгі мектебінің жасұландықтары белсенділік таныта отырып, өз үлестерін қосты.

Бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы» атты отбасылық суреттердің фотокөрме байқауы өтті. Фотокөрме барысында оқушылар отбасы туралы әндер шырқап, жүрек жарды өлең жолдарын тарту етті. Ата-аналар мен оқушылардың дайындаған керемет фотокөрмесі көрермендер назарына тамашалауға ұсынылды. Жеңімпаз оқушылар марапат төрінен табылды.

"Даналық мектебі" клубының жоспарына сәйкес, қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында "Әжелер -көңілдің ажары, Немере - өмірдің базары" атты байқау өткізілді. Қазыналы қарттардың өткені – бүгінгі ұрпаққа өнеге, үлгі. Ал, осындай ғибратты ғұмыр иелерін насихаттау арқылы біз ұлттық болмысымызды сабақтастыққа ұластыра аламыз.

"Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасы негізінде білім алушылардың өз жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен армандары туралы шығарма жазу мақсатында өткізілген "Болашаққа хат" челленджіне мектеп оқушылары үн қосты.

Жаңа жылдық мерекелік кеш кезінде балалардың сертификаты жоқ пиротехникалық жарылғыш, жанғыш заттардың қолдануының алдын алу, мереке және каникул күндері оқушылардың беймезгіл қоғалысының, қысқы каникул кезіндегі оқушылардың жол-көлік, су, мұз, өрт қауіпсіздігінің алдын алу, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс, нашақорлықтың алдын алу және интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 8-9 сынып оқушыларына құқықтық сағат өткізілді. Құқықтық сағат барысында мектеп инспекторы оқушылардың қысқы каникул күндеріндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мереке күндерінде пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым салу, кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінің жүрмеу мәселелерімен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Арал аудандық білім бөлімінің 01-5/31 санды хатына сәйкес, Жаңа жыл мерекесіне орай балалардың қауіпсіздігін сақтау, беймезгіл жүрістерді болдырмау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналар жиналыстары өткізілді.

Мектепалды даярлық сыныптары және 1-9 сынып оқушылары аралығында білім алушылардың мерекелік көңіл күйін тудыру, шыршаның әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың карнавалдық киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту мақсатында «Жаңа жыл - Жаңа белес, жаңа арман!» - атты мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

29.12.2023 жылы ата-аналарды білім беру ұйымдарында қолдау мақсатында 1-4 сынып ата-аналарымен мектебіміздің педагог-психологы Ж.Қонысбаев «Әрбір бала – жарық жұлдыз» тақырыбында тренинг-сабақ жүргізді. Сабақтың мақсаты: Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 25 желтоқсан күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қалабаев пен мектеп психологі К.Жолмырзаева 5-9 сынып ата-аналарына "Балаға үйрету: Ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңды қалай табуға болады?" тақырыбында сабақ өткізді.

"Мектеп театры" үйірмесінің жетекшісі Е.Тұрғанбаевтың ұйымдастыруымен "Адалдық және адамгершілік" тақырыбында сахналық қойылым қойылды. "Бала тәрбиесі - мемлекеттің маңызды міндеті" апталығы аясында мектеп инспекторы кезекті құқықтық сағатта 8-9 сынып оқушыларына әлімжеттік, буллинг, бопсалау әрекеттерінің алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» апталығы аясында 2024 жылдың 9 қаңтар күні мектеп психологы К.Жолмырзаева 3-4 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған баяндама оқыды. Барлық дүние жүзіндегі балалардың құқықтары арнайы «Балалар құқығы туралы» Конвенцияда жазылғандығы және балалар не істеуге құқылы екендігі айтылды. Сонымен қатар балалардың Қазақстан азаматы болғандықтан өз міндеттері туралы оқушылардың пікірлерін тыңдай отырып талқыланды. Оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп өтті.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру негізінде білім алушыларға адам бойындағы адалдық, татулық, достық, қамқорлық, мейірімділік адами қасиеттердің өмірдегі маңыздылығын түсіндіру. Сонымен қатар адамдардың өмірінде – отбасы, білім ордасы және қоғамда әділдік пен адалдықтың алатын орны ерекше екені туралы ой - пікірлерін кеңейту мақсатында 8 сыныбында "Парасатты ұрпақ - жарқын болашақ кепілі" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

"Бала тәрбиесі - мемлекеттің маңызды міндеті" атты апталық негізінде қаңтардың 11 жұлдызында мектеп педагог-психологі Ж.Қонысбаев 8-9 сынып оқушыларына

"Қолымызды жазалау үшін емес, қорғау үшін көтереміз" тақырыбында зорлық-зомбылық және оның түрлері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Түсіндірме жұмысы барысында оқушылармен зорлық-зомбылықтың түрлері, жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары туралы сөз қозғалды.

"Мамандығым - мақтанышым!" атты студенттермен кездесу кеші болып өтті.

Кештің мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау, оның адам өмірінде алатын орны, маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; әр мамандық иесіне тән қасиеттер мен ерекшеліктер, оны дамыту, жетістікке жету жолдары туралы білімдерін кеңейту; бұрынғы бітіріп кеткен және қазіргі таңда студент болып жүрген түлектердің жақсы қасиеттерін, озық қабілеттерін кейінгіге үлгі ету; мамандықтардың түрлері, әр түрлі оқу орындары туралы жарнамалар жасау;

Дебат жетекшісі Д. Бекжанова «Оқушы келбеті қандай болу керек?» тақырыбында 7,9 сынып оқушылар арасында пікірсайыс өткізді.

Мақсаты: «Бұлақ көрсең- көзін аш»- деп ата-бабамыз айтқандай, бір жағынан жас дебатшыларды байқау, анықтау, қызығушылықтарын ояту, дамыту, ораторлық, ұйымдастырушылық және критикалық ойлауды дамыта отырып, көшбасшылыққа дайындау болса, екінші жағы ол алдыңғы буын дебатшыларымен өздерін сынап көру, мастер –класс алу болды.

17 қаңтар -17 ақпан аралығында өткізілетін «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» акциясының ашылу салтанаты өткізілді. Ашылу салтанатына ата-аналар комитетінің төрағасы Молдашева Жанат қатысып, өз лебіздерін білдірді. Жаңа бастама достық, қауіпсіз кеңістік құру үшін ынтымақтастық арқылы позитивті қарым-қатынастың ең тиімді жолдарын іздеуде оқушылар қауымдастығын біріктіруге бағытталған. Акцияның мақсаты: мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау.

«Жасыл мектеп» жобасы аясында «Қалдықты өңдеу – қоршаған ортаға қамқорлық» тақырыбындағы қалдық заттарды өңдеу жұмысының көрмесі ұйымдастырылды. Көрме мақсаты – қалдық заттарды іске асыру, оларға екінші өмір сыйлау тәжірибесін енгізу арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие мен білім берумен қатар, бойларына жауапкершілік сезімін дамыту, қоршаған ортаны қадірлеу, табиғатты аялау қабілеттерін қалыптастыру.

Білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында «Көшбасшылар тобын табысқа жетелеудің жолдары» тақырыбында Өзін- өзі басқару ұйымы және "Жас ұлан" ұйымының кезекті отырысы өткізілді. Отырыс барысында 2023-2024 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айларында өткізілген іс-шараларға мәлімет берілді. Мектеп көшбасшыларының ұсыныс пікірлері тыңдалып, алдағы уақытта жасалатын жұмыстар талқыланып, жүйелі өткізілуін қадағалау жоспарланды.

Сұлтан Бейбарыстың туғанына 801 жыл толуына орай «Сұлтан Бейбарыс – ұлы дала елінің барысы» тақырыбында 6 сынып білім алушыларына тәрбие сағаты өткізілді.

Қаламыздың тазалығына үлес қосу және қалдықтарды қайта өңдеу жұмыстарын жаңдандыру мақсатында "Қалдықтарды табысқа айналдырайық" акциясы аясында 1-4 сынып оқушылары аралығында "Қалдықты өңдеу - қоршаған ортаға қамқорлық" тақырыбында керемет көрме ұйымдастырылып, ұстаздар мен оқушылар назарына ұсынылды. Шара барысында бастауыш сынып ата-аналары, ұстаздары мен оқушылары ерекше қызығушылықтарын таныта отырып, зор үлестерін қосты.

Г.Жақаеваның ұйымдастыруымен "Қыз намысы - ұлт намысы" тақырыбында 7-8 сынып бұрымдыларымен еркін форматта кездесу кеші өтті.

Мақсаты: Қыздарымызға адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын білуге үйрету. Адамгершілік қасиеттерге бағыттай отырып, оқушының рухани білімін байыту, логикалық ойлауын дамыту, өз ойын еркін түрде жеткізе білуге, имандылыққа, инабаттылыққа баулу.

Кездесу кеші ұлттық құндылықтарымызды, қыз балаға тән ізгі қасиеттерді, қыз баланың отбасындағы рөлін айқындайтын бейнебаян көрінісімен басталды. Кезекті қыздар отырысының еркін форматта өтуі, кеш барысындағы қыздарымыздың өздерін еркін ұстап, белсенділік танытуы, жағдаяттық тапсырмаларды орындауы, өз ой-пікірлерін ашық айтуы қыздармен сырласу кешіне айналғандай!

Мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау мақсатында елімізде өткізіліп жатқан «ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» атты акцияның аясында, «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша, еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын салауатты, саналы етіп тәрбиелеу ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке тәрбиелеу, қиялын, ақыл-ой белсенділігін арттыру мақсатында мектебіміздің 1 сыныбының оқушылары «Саңырауқұлақтың саясында» ертегісін сахналап, өз өнерлерін көрсетті. Ертегі кейіпкерлерін жақсы сомдай білген кішкентай балақайлар көрермен көзайымына айналып, ыстық ықыласына бөленді.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барша үлес қосып келеді.

Халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-барлығымыздың борышымыз. Болашақ ұрпағымызға тек тәрбие мен білім берумен шектеліп қана қоймай, адал еңбекқорлыққа да үйретуіміз керек. Адал еңбекқорлық-еліне адал қызмет ету және сыбайластық іс – әрекеттерден аулақ болудан тұрады. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды.

"ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА" тұжырымдамасы жобасына сәйкес математика пәнінің мұғалімі Барақова Айгерімнің ұйымдастыруымен математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал ету мақсатында оқушыларымыз математикалық қазақ есептерін шығарып, "Қазақ есебі" челленджіне үлес қосты. Есеп шығару барысында нақты мысалдарды дәлелдеп, есептерді шығарды.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек –қаңтар аралығында «Мектеп парламенті» жобасы аясында атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет:

«Мектеп парламенті» көшбасшыларының ұйымдастыруымен 8 қыркүйек күні сағат 12:00 - де "Тоғыз ай 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Сергіту сәті" республикалық челленджі ұйымдастырылды. Челленджінің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. Талап: физикалық белсенді болу.

Талап: салауатты өмір салтын ұстану. Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану. Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджі өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу. Отбасы күніне арналған іс-шаралар. Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы сынып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әрекеттену мақсатында осындай тәрбиелік мәні бар іс-шара өткізеді. Челлендж барысында оқушылар қызығушылықпен белсенді қатысты.

26 қыркүйек күні Мектеп Парламенті Президентінің сайлауы өткізілді.

Үміткерлер сайлау алдында өз бағдарламаларымен таныстырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Сайлау нәтижесі бойынша, яғни өзін-өзі басқару ұйымы жұмысының жандануы үшін, мектеп оқушыларының белсенділігін арттыру жолында алға бастайтын нағыз көшбасшы

9 сынып оқушысы Сақитжан Анель дауыспен жеңіске жетті.

Ұстаздар күні мерекесіне орай 2023 жылдың 5 қазан күні "Дублёр күні", білім алушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында өткізілді. Бұл күн ерекше мүмкіндіктер күні! Жақсы бастамаларға жол ашылды! Мектеп тынысына, ұстаздың тынымсыз тіршілігіне мектеп көшбасшылары өз үлесін қосты. Пән мұғалімдері жұмысын: - өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшылары, 9 сынып оқушылары атқарды. Өздері таңдап алған мұғалімдердің образында таңнан бастап жұмысқа кіріскен оқушылар екі ауысымда қыр-сыры көп педагогикалық қызметті өн бойынан өткізді. Сыныптарда сабақ өткізіп, оқу-тәрбие процесін бақылады. Сонымен қатар жұмыс аяқталған соң оқушылармен кездесу өткізіліп, олар алған әсерлерімен бөлісті. Тоғыз ай тоғыз іс-шара» тұжырымдама жоспары негізінде қазан айы «Әнұран айту» челленджін өткізу айы болып бекітілген. Осыған орай республикалық челленджге мектебіміздің жас ұландықтары мен мектеп парламенті көшбасшылары үн қосты. «Ұлы дала перзентімін!» ұстаздар мерекесі қарсаңында мектеп парламенті көшбасшылары ұстаздарға құрмет көрсетті. Мерекелік құттықтау шараларын ерекше форматта ұйымдастырды.

«Газалық – табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті.

"Мектеп парламенті" ұйымының ұйымдастыруымен «Қоқыссыз әлем» ұранымен мектеп ауласында сенбілік өткізілді.

Қазақтың әрбір азаматы еліміздің бір тұтастығын сақтауға, ел тыныштығын сақтауға міндетті. Қазақ елінің Республика, зайырлы, құқықтық мемлекет болып жарияланған күні, яғни Республика күні баршаңызға құтты болсын. Көк туымыз көгімізде желбіреп, әнұранымыз әуелетіп шырқалып, елтаңбамыз төрімізде жарқырай берсін Қазақ елі!

"Мектеп парламенті" ұйымының ұйымдастыруымен Республика күні мерекесіне орай "Туған жерім - Қазақстаным!" атты салтанатты жиын өткізілді.

Жас ұрпақ бойында отаншылдық сезімдерін қалыптастыру, ширек ғасыр толған Қазақ елінің жетістігін кеңінен насихаттау;

- әлеуметтік желі қолданушыларының әлеуметтік жауапкершілігін, патриоттық позициясын қалыптастыру;

- қоғамдық келісімді, қазақстандық патриотизмді нығайтуға ықпал жасау;

- оқушылардың тәуелсіз елге деген құрметін күшейту, шығармашылық қабілетін арттыру, ойлау қабілетін дамытып, патриоттық сезімін ояту арқылы жас таланттарды ынталандырып, өнерлі балаларды қолдау мақсатында өткізіліп отырған

«Менің Қазақстаным - менің мақтанышым!» тақырыбындағы ерекше видео құттықтау челленджіне №265 негізгі мектебі "Мектеп парламентінің" көшбасшылары өз үлесін қосады.

Жаңа Президентпен бірге өзін-өзі басқару ұйымының жаңа құрамы жасақталып, салтанатты ант беру рәсімі өткізілді.

«Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнегесі» дейді Ж.Аймауытов. Баланың тал шыбықтай түзу, адал болып өсуі ата-ана еңбегінің жемісі. Балаларымыз ең алдымен отбасында ата-ананың мейіріміне, махаббатына бөленіп өсуі қажет. Ал сол махаббатқа, татулыққа ұйытқы болатын, қорған болатын ол- ата-ана. Иә, әр бала іскер әкенің еңбегіне тәнті болып, бесаспап ананың қолынан шыққан асқа сүйсіне қарары сөзсіз дүние. Сол дүниелерді көреді, қайталайды, жасайды. Яғни ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі деген сөз. Бір сәт отбасында ғаламторға, ұялы телефонға бағынышты болмай, баланың көрген киносы мен оқыған қызықты кітаптарымен сыр бөлісейік. Әдемі дүниелерді жасап көрсетейік, бірге орындайық. Отбасы құндылығының қадір қасиетін ұғындырайық!

15 қарашадан бастап, ҚР аумағында теңге айналымға енгізіліп, ұлттық ақша ретінде пайдаланыла бастады. Ұлттық валютаның айналымға енуіне байланысты ел тарихындағы мынадай үш маңызды датаны атап өтсе болады: 1993 жылы 15 қарашада Қазақстанның

Ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізіледі.

Мереке қарсаңында мектеп парламенті көшбасшылары халық банкі қызметкерлерін құттықтады. Банк қызметкерлерінің жұмыстарымен танысты.

«Асық ойнау – баланың жүйке-бұлшық ет жүйесін шынықтырады, дүниетанымын кеңейтеді, шапшаң қимылдауына әсер етеді және көру қабілетін жақсартады.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында Ұлттық мектеп лигасы аясында мектебіміздің оқушылары "АСЫҚ АТУ ЖӘНЕ БЕС АСЫҚ" республикалық челленджіне үн қосты.

«Еркін тыныс ал!»

Мақсаты: балалардың салауатты өмір салтына деген ұмтылысын қолдау, вейпингтің зияны, оның ағзаға тигізетін кері әсері, адамның жалпы хал- жағдайына, көңіл-күйіне және өмірлік белсенділігіне теріс әсер ету туралы хабардарлық деңгейін арттыру.

"Тәуелсіздік - ел бақыты" атты жас ұландықтар апталығы аясында оқушылардың бойына ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сынды асыл қасиеттерді дарыту мақсатында "Жас ұлан" ұйымы мен Мектеп Парламенті көшбасшыларының ұйымдастыруымен «Мейірімділік мекені» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеде оқушылар ата- аналарымен бірге өз қолдарынан дайындаған тағамдарын ұсынды. Жәрмеңкеден түскен қаражатқа үйден оқитын, ерекше білімді қажет ететін оқушыларға сонымен қатар аз қамтылған отбасы балаларына жаңа-жыл мерекесі қарсаңында тосын сыйлар ұйымдастырылатын болады.

Ұрпақтың бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған рухани шаралар мектепте өткізіліп отырады. Осындай игі шараларға үлес қосып жүретін ұлағатты ұстаздарымыз мен ата-аналарымыз, оқушыларымыз бар жерде еліміздің ертеңі жарқын болмақ! Жақсылықтар жалғасын тауып, балаларымыз оқуда озат, табысты әрі бақытты болсын деп тілейміз!

Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеудің ең басты құпиясы-балалардың жетістігі, олардың өсуі мен алға қарай қарыштап дамуы болып табылады. Балалар қашанда жеңімпаз болғанды ұнатады. Бірақ қиындықтар мен сәтсіздіктерге тап болған кезде олардың көңіл-күйлері түсіп, жағымсыз эмоцияларын сезінуі мүмкін. Біздің басты міндетіміз - балаларға әркім өзіне тән көшбасшылық әлеуетті дамытып, жетілдіре алатынына көз жеткізу және қолдау көрсету.

Білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында «Көшбасшылар тобын табысқа жетелеудің жолдары» тақырыбында Өзін- өзі басқару ұйымы және "Жас ұлан" ұйымының кезекті отырысы өткізілді. Отырыс барысында 2023-2024 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айларында өткізілген іс-шараларға мәлімет берілді. Мектеп көшбасшыларының ұсыныс пікірлері тыңдалып, алдағы уақытта жасалатын жұмыстар талқыланып, жүйелі өткізілуін қадағалау жоспарланды.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек –қаңтар аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет:

Күз...Алдымен ашық болып тұратын күндер көңілге қуаныш ұялатады, алайда түнде сәл салқындық, ызғар байқалады. Енді айналаның бояуы қаныға түседі, көз қарықтырады. Табиғат жаз бойы жинаған бояуын көрсетіп қалуға, төгіп тастауға асығады.

Күз қашаннан суретшілердің, ақындардың және жалпы шығармашылық адамдардың шабытын шақырар кез болып табылады. Осындай жылдың ең көрікті кезеңі – күзді бейнелеп, табиғаттың тамаша көріністерін жандандыру, білім алушылардың өз бетінше ойлап, ізденуін дамыту, ой - қиялын, шығармашылық қабілетін шынғау мақсатында 5-6 сынып білім алушылары арасында «Қараша күз келді» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

21 қазан Мұғалімнің ең басты қызметі – бала тәрбиесі. Оларға өткен тарихтың жолын айта отырып, бабалардың әр сөзімен тәлім берудеміз. Ұлттық

құндылықтарымызды тұла-бойларына дарытып, еліміздің кемел адамдарының қатарына қосу – мұғалімнің міндеті.

Күзгі демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп оқушыларын қалалық 1 кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Саяхат барысында оқушылар кітапханамен танысты. Кітапханадағы түрлі кітаптарға кітапханашы апай шолу жасады. Кітапхана бұрыштарымен таныстырды. Оқушылар шара соңында кітапханаға арналған ізгі лебіздерін, тілек бұрышына жазып, кітап туралы ойларымен бөлісті.

Күзгі демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында, мектеп кітапханашысы Р.Амангелдіқызы оқушыларға кітап оқудың 8 түрлі пайдасы туралы түсіндіре отырып, үйге оқуға кітап берген еді.

Мақсаты: Кітап мазмұнын ашып айту, кітапта кездескен кейіпкерлерді суреттеу. 4-сынып оқушылары демалыс күндерін кітап оқумен өткізді. Оқыған кітаптарының мазмұнын айта отырып, кітаптан түйген қызықты әсерлерін сурет арқылы көрсетті. Ата-аналарымен бірге кітап оқи отырып, күзгі демалыстың әсерлі өткенін де байқамай қалыпты. Кітап-адам өмірінің таусылмас қазынасы мен дүниенің айнасы. Қазынамызға берік болайық!

Қысқы каникул уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, білім алушыларды қысқы табиғат көрінісін көре білуге баулу, қыс айларындағы табиғат өзгерістерін, құбылыстарын сезінуге үйрету мақсатында бастауыш сынып оқушыларына ақын - жазушылардың шығармаларынан "Қысқы пейзаж" тақырыбында бейнероликтер дайындау тапсырылған болатын.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру негізінде білім алушыларға адам бойындағы адалдық, татулық, достық, қамқорлық, мейрімділік адами қасиеттердің өмірдегі маңыздылығын түсіндіру. Сонымен қатар адамдардың өмірінде – отбасы, білім ордасы және қоғамда әділдік пен адалдықтың алатын орны ерекше екені туралы ой - пікірлерін кеңейту мақсатында 8 сыныбында "Парасатты ұрпақ - жарқын болашақ кепілі" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Ашық тәрбие сағаты барысында адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру негізінде нәтижелі жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл философиялық туындыда жақсылық пен жамандық, жауыздық пен мейрімділік қатар қойылып, кімнің жеңіске жеткені баяндалады. Ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру.

Кітап – рухани досымыз. Кітаппен достасқан адамның бойындағы парасаттылық пен ақылдылық сынды қасиеттері жақсарып, адам өз ойын нақты әрі ашық айта алатындай болады. Кітапты көп оқу ойлау жүйеміздің жақсаруына, қиялымыздың дамуына, сөздік қорымыздың артуына өзіндік ықпалын тигізеді. Барлық білім кітапта. Өмірдегі кез келген құбылыстар мен мәселелердің жауабын кітаптан табамыз. "Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік", - деген еді Ғабит Мүсірепов. Бұл сөздің астарында терең білімділікпен қоса рухани байлықтың өзегі жатыр.

Бүгінгідей көпшіліктің санасы ғаламторға шырмалған, заманауи ақпарат құралынсыз тіпті, бір күнді елестете алмайтын жас пен жасамыстың компьютер мен ұялы телефонға телмірген кезеңінде кітап сырын ұғындырған рухани шараның жеткен жетістігі де жоғары деп айтуға болады.

Кітапқа құмар жандар үшін кітап аукционы – озық оқырманды анықтау және тамаша шығарманы оқуға кеңес беруге арналған алаң. Аукцион арқылы оқушылар кітап таңдаудағы талғамын, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін көрсете отырып, оқырман жүрегіне жол таба білді. Талғамды ойларын, салмақты пікірлерін кітап мазмұнымен тамаша үйлестіре білген жас оқырмадарымыздың ынта-ниетіне, әдебиетке деген сүйіспеншілігіне, туған тілге, тарихқа деген құрметіне дән риза болдық.

Рухани бай болғымыз келсе кітапты үзбей оқып, түйген ойымызды өмірде қолданып,

әрбір айтып жатқан сөздерімізге аса мән бере қарасақ, өмірдегі өз орнымызды табуға септігін тигізери анық. Барлық ұлттың тарихы мен өнерін өз бойына жазып жүрген кітап қашанда қымбат дүние. Кітапты аяқасты етуге, оған құрметсіздікпен қарауға мүлдем болмайды. Әркез қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыру біздің көрегенділігіміздің көрінісі болмақ. Ендеше, ойымыз бен өмірімізді жақсартқымыз келсе, кітапты үзбей оқып, жаратылыс пен табиғаттын сырын ашуға ұмтылайық, жас өрендеріміздің интернеттің құлы емес, Қазақ елінің ұлтжанды ұлы болуына септігімізді тигіземіз деп ойлаймын.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек –қаңтар аралығында «Мектеп театры» жобасы аясында атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет:

Өнердің бәрі биік. Сахнаны сезіну.. Көркем шығармаға ену.. Оны сезіне ойнап шығу... Осының бәрін өзіңнен өткізу - театр арқылы бала тәрбиесіндегі басты рөл. Киелі мектеп сахнасында "Абай" атындағы мектепшілік театр үйірмесінің алғашқы отырысы өткізіліп, жаңа таланттарды қабылдау үшін “Кастинг” өткізілді. Өнерге жақын оқушыларымыз тандап алынды. Бүгінгі мектеп театрының мүшелерінен - ертеңгі күннің сахна майталмандары шығуы әбден мүмкін! Сахнадағы сенімділік пен мәдениет арқылы, әдебиет әлемінің “ОЮЛЫ ӨРНЕКТЕРІ” шығары сөзсіз!

«Оқушының оқу жетістігі - мектептегі білім беру процесінің нәтижелігі» тақырыбындағы әдістемелік күннің жоспарына сәйкес, мектеп театры үйірмесінің мүшелері “Тоғысқан тағдырлар” қойылымын көрсетті. Мектеп театры үйірмесінің бұл туындысы - отбасы құндылықтарына бағытталған.

Қойылымның басты кейіпкері әже мейіріміне сусындап өскен адал жан, қатал әкенің жүрегін жібіткен перзенттің тағдыры отбасылық ауызбіршілікті меңзейді. Адалдық пен жауыздықтың қатар жүріп, түбінде адалдық жеңетінін мойындатқан бұл қойылым көрерменнің ыстық ықыласын алды.

"Өскелең ұрпақтың дара жолы" атты сынып жетекшілер онкүндігінің жоспарына сәйкес 6 сыныптың ұйымдастыруымен «Әке жолы - ізгі жол» атты сахналық қойылым көрсетілді.

Мақсаты: Отбасындағы әке мен ер азаматтың ролінің мәнін ұғындыру, әрбір тұлғаны тәрбиелеу.

Оқушыларға отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін, әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

«Әке – асқар тау, ана – қайнар бұлақ, бала жағасындағы құрақ» дегендей «Әке» деген сөз қандай жақын, қандай ыстық десеңші! Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек.

Адалдық — адам мінезіндегі бағалы қасиет; жеке тұлғаның сана-сезіміне, қайшы келмейтін іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Әрбір тұлға әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. “Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі — қазақтың әулиесі сол”, — дейді Абай.

Мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау мақсатында елімізде өткізіліп жатқан «ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» атты акцияның аясында, «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша, еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын салауатты, саналы етіп тәрбиелеу ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке тәрбиелеу, қиялын, ақыл-ой белсенділігін арттыру мақсатында мектебіміздің 1 сынып оқушылары

«Саңырауқұлақтың саясында» ертегісін сахналап, өз өнерлерін көрсетті. Ертегі кейіпкерлерін жақсы сомдай білген кішкентай балақайлар көрермен көзайымына айналып, ыстық ықыласына бөленді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек –қаңтар аралығында «Дебат» жобасы аясында атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет:

Мектепшілік дебат клубының жетекшісі қазақ тілі пәні мұғалімі Д.Найзағұл

ұйымдастыруымен «Табиғат. Адам. Қоғам» тақырыбында пікірталас өткізілді. Дебат барысында «Үкімет» және «Оппозиция» топтарының жас спикерлері «Адам Табиғат. Қоғам арасындағы немқұрайлылық неден?» жақтаушы, даттаушы екі жақ та өз позицияларын ұтымды қорғай білді.

Екі жақ спикерлері қазіргі заманда экологияның ластануы әлем назарында, қорғау мәселесі - басты мәселе болып отырғандығына дәлелдер келтіре отырып сыни ой пікірлерімен бөлісті.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында 9 сынып оқушылары аралығында пікірсайыс өткізілді.

Пікірсайыс мақсаты: білім алушыларға сыбайлас-жемқорлықтың еліміздің дамуына орасан зор кедергі келтіретіндігін, салдарын жіті түсіндіру, түрлі мысал-жағдаяттар талдау арқылы ой бөлісіп, пікір алмасу, сонымен қатар ораторлық қабілет, критикалық ойлауды дамыту, бастысы, еліне жанашыр болашақ лидерлерді дайындау болып табылады.

Пікірсайысқа қатысушылар ұшқыр ойларымен белсенділік танытты. Сыбайлас жемқорлықтың қоғам өміріне ең қауіпті кесел екенін ұғынды. Ұғынып қоймай, болашақ жемқорлықсыз елдің қандай болу керектігін және болатыны туралы жобасымен таныстырды .

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» тақырыбында 8-9 сынып оқушылар арасында пікірсайыс өткізілді.

Ата салтымыздан бері бүгінге дейін отбасының тірегі, қамқоры әке болып табылатынын, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген өсиетті де қанатты сөздер соның дәлелі деп үкімет палатасы нақты мысалдар ұсынса, бүгінгі күннің кей әкелері жауапкершілікті өзіне жүктеуге сенімсіздеу келетініне оппозиция палатасы өз аргументтері мен дәлелдерін келтіруі пікірсайысты тартысты өткізді.